

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 тамыз N 869. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.24. N 1307 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі және "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 50, 494-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, табиғи монополия субъектілерінің және белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін реттеу, баға белгілеу, бәсекелестікті, бизнесті (кәсіпкерлікті), тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды дамыту, тарифтік саясат саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті орталық атқарушы орган болып табылады."

9-тармақтың 7), 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бәсекелестікті дамытуға, (шағын) кәсіпкерлікті қолдауға, тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реттеуге, тарифтік саясат және табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметтер көрсетуіне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүйеге асыруға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру;

9) тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реттеу әрі тарифтік саясат және

табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметтер көрсетуіне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК